

**Риддер қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 3/3-V "Риддер қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2014 жылғы 15 шілдедегі N 28/6-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 04 тамызда N 3436 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2015 жылғы 16 ақпандағы N 31/2-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 16.02.2015 N 31/2-V шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын-үй қатынастары туралы" Заңның 97 бабына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Риддер қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 3/3-V "Риддер қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-4-168 тіркелген, 2012 жылғы 08 мамырдағы № 18 "Риддерские вести" газетіне жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешім кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тұрғын үй көмегін беру Ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШТІ**";

көрсетілген шешіммен бекітілген Риддер қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Қағидасында:

7 тармақтың бірінші азат жолы келесі редакцияда жазылсын:

"7. Тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанға тағайындалады. Өтініш тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі мамандармен әзірленген кестеге сәйкес тоқсан ішінде қабылданады. Отбасының табысы туралы анықтамалар, коммуналдық қызметтердің, байланыс қызметтерінің төлемі, тұрғын үйді (тұрғын үй ғимаратын) күтіп ұстау шығындары туралы түбіртектер өтініш берген тоқсан алдындағы тоқсанға ұсынылады. Өткен тоқсанға коммуналдық қызметтер төленбеген немесе жартылай төленген жағдайда отбасына тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.";

12 тармақтың бірінші азат жолы келесі редакцияда жазылсын:

"12. Тұрғын үй жәрдемақысының негізсіз алынған сомасы, алушымен ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтаруға жатады.";

15 тармақтың бірінші азат жолы келесі редакцияда жазылсын:

"15. Ұсынылған құжаттарға сәйкес, тұрғын үй көмегін есептеген ретте жергілікті жылытатын жеке меншік үйлерде қолданылатын отынның басқа түрлерінің құны мен шығын нормасын, көмірдің құны мен шығынның эквивалентті нормасына есептелсін.";

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Сессия төрағасы</i>	<i>Н. Замятин</i>
<i>Қалалық мәслихат хатшысы</i>	<i>И. Панченко</i>